

# **«Менің колледжім - менің болашақ мамандығым» шығармашылық жұмыстарының республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында шығармашылық жұмыстарының республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың зерттеу және шығармашылық әлеуетін «Ұрпақ+» атты жалпыұлттық мәдени-білім жобасы аясында дамыту.

3. Міндеттері:

1) білім алушылардың болашақ мамандыққа қызығушылығын ояту;

2) өз ісіне сүйіспеншілік және жауапкершілік туғызу;

3) колледж дәстүріне құрметпен қарау, өз оқу орнына мақтаныш сезімін ояту.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

## **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

6. Байқау **2016 жылғы 15 ақпан – 15 сәуір** дейін балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2016 жылғы 5 сәуірге дейін [konkurs.16@mail.ru](mailto:konkurs.16@mail.ru)** электронды поштасына қабылданады.

**Анықтама телефондары:** 8(7172)24-93-12, 87011209707, Людмила Васильевна.

8. **2016 жылғы 5 сәуірден кейін** түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін - **1500 (бір мың бес жүз )** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Резидент)

БИН 990140004733

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО Банк Центр Кредит

Төлемақының мақсаты: **«Менің колледжім - менің болашақ мамандығым»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, [konkurs.16@mail.ru](mailto:konkurs.16@mail.ru) электронды пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздар тізімі және дипломдар **2016 жылғы 15 сәуірде [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)** сайтында орналастырылады.

### 3. Байқау талаптары

12. Байқауға 14-17 жас аралығындағы колледж студенттері қатыса алады.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **«Мамандыққа жол»** слайд ұсыну.

**«Мамандыққа жол» слайдын ресімдеу:**

Слайд стилі (бірыңғай стильмен ресімдеу);

Фон (фон үшін суық түстерді пайдаланыңыз);

Түстерді пайдалану (бір слайдта 3 түстен артық түс қолданылмауға кеңес беріледі: бірі фонға, бірі – тақырып үшін, бірі – мәтінді жазу үшін).

Анимациялық эффектілер (слайдта ақпарат беру үшін мейлінше компьютерлік анимациялық мүмкіндіктерді пайдаланыңыз).

**Мәліметті беру:**

Қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз.

Қаріп (тақырып үшін -24 тен кем емес, ақпарат үшін -18 ден кем емес).

2) **«Мен колледждемін» фотоколлажы**

A4 парқта - 21\*29,7 см , фотошопта, jpg форматында.

3) **«Менің мамандығым - менің міндетім»** жобасы.

Байқауға қатысушы қай оқу орнында, қандай мамандық таңдағанын, қандай біліктілікте оқитынын айтуы қажет. Таңдаған мамандығы оған ұнайма?

Құжат (doc, docx) форматында болуы қажет. Барлық жұмыстар (MS Word) редакторында, қаріп өлшемі-14 пт., теріліп, жоларалық интервал - 1, жалпы көлемі 3 беттен 5 бетке дейін болуы қажет. Бірінші бет негізгі парақ болып саналады, ол нөмірленбейді.

14. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

15. Байқау жұмысының беткі парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні;

e-mail, байланыс мәліметтері;

жетекшінің аты-жөні, тегі;

жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

16. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ бір қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

17. Байқау қорытындысының соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.

18. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында, «Ұрпақ+» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) мына сілтеме бойынша <http://vk.com/pokolenie2016>) тіркелуі тиіс.

19. Бағалау өлшемдері:

Байқау жұмысының тақырыпқа, мақсат, міндеттеріне сәйкес болуы;

тақырыптың тереңдігі;

автордың тақырыпты, жаңа тәсілдерді, өз пікірлерімен тұжырымдарын дамытуға үлесі;

материалдың бірегейлігі;

сауаттылық;

жобалау эстетикасы.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

20. Әділқазымүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

21. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары автоматты түрде жүктеу мүмкіндігі бар <http://www.ziyatker.org/#!/c10hg> сайтында орналастырылады.